

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Сенаты Бюросының
2023 жылғы 27 қазандағы
№ 62-VIII БС Қаулысымен
Бекітілген**

**Қазақстан Республикасы Парламенті
Сенатының Аппараты туралы
ЕРЕЖЕ**

Осы Ереже Қазақстан Республикасының Конституциясына, «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және «Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты Аппаратының мәртебесін, өкілеттігін және Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі жұмысының ұйымдастырылуын айқындайды.

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Аппараты (бұдан әрі – Сенат Аппараты) Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының қызметін ұйымдастырушылық, құқықтық, ақпараттық-талдау, құжаттамалық және өзге де қамтамасыз етуді жүзеге асыратын мемлекеттік мекеме болып табылады.

2. Сенат Аппараты өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Сенат Аппараты өз қызметін Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Аппаратымен, Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен, Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратымен, Қазақстан Республикасының министрліктерімен және Қазақстан Республикасының өзге де мемлекеттік органдарымен және ұйымдарымен өзара іс-қимыл жасай отырып жүзеге асырады.

4. Сенат Аппараты өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Сенат Аппараты Басшысының өкімдерімен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

5. Сенат Аппаратының құрылымы мен штат санын, оның құрылуын Парламент қызметін қаржыландыруға бөлінетін бюджет қаражаты шегінде Сенат Бюросы жүзеге асырады.

6. Парламент өкілеттігінің мерзімі аяқталғаннан кейін, Парламент таратылған және оның депутаттарының жаңа құрамы сайланған жағдайда Сенат Аппараты мемлекеттік қызметшілерінің қызметі тоқтатылмайды.

7. Сенат Аппаратының қызметкерлері жалақы мәртебесі, мөлшері және деңгейі, материалдық, қаржылық және әлеуметтік-тұрмыстық қамтамасыз етудің өзге де шарттары бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппаратының тиісті қызметкерлеріне теңестіріледі.

8. Сенат Аппаратында саяси партиялар ұйымдарын құруға жол берілмейді.

9. Сенат Аппараты саяси мемлекеттік қызметшілерінің ауысуы әкімшілік мемлекеттік қызметшілердің атқарып жүрген лауазымдағы қызметінің тоқтатылуына негіз бола алмайды.

2. Сенат Аппаратының міндеттері, өкілеттіктері мен функциялары

10. Сенат Аппаратының міндеттері:

1) Сенаттың және оның жұмыс органдары мен Палата депутаттарының қызметін ұйымдастырушылық, құқықтық, құжаттамалық қамтамасыз ету;

2) заң жобаларына, Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған заңдарға (бұдан әрі – заңдар) құқықтық, қаржылық-экономикалық және өзге де тұрғыдан сараптама жүргізу және ақпараттық-ұсынымдық сипаттағы қорытындылар ұсыну;

3) шешімдердің алқалы түрде әзірленуін және келісу рәсімдерін ұйымдастыру жағынан қамтамасыз ету;

4) өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасы Парламенті және Сенат регламенттерінің сақталуын қамтамасыз ету;

5) Сенаттың, оның жұмыс және үйлестіру органдарының, Қазақстан Республикасы Парламенті палаталарының бірлескен комиссиялары шешімдерінің орындалуына бақылауды ұйымдастыру;

6) Сенат Бюросының, Палата комитеттерінің шешімдерін, Сенат Төрағасы мен Сенат Төрағасы орынбасарларының өкімдерін іске асыруға қатысу;

7) Сенат депутаттарының, тұрақты комитеттерінің және Бюросының Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісімен және оның Аппаратымен өзара іс-қимылын қамтамасыз ету;

8) Сенаттың парламентаралық қызметін ұйымдастыру және хаттамалық жағынан қамтамасыз ету;

9) Сенат қызметін бұқаралық ақпарат құралдарында жазып, көрсету, Палата депутаттарының олармен өзара іс-қимылын қамтамасыз ету;

10) Сенат қызметін құжаттамалық қамтамасыз етуді жүзеге асыру, азаматтардың өтініштерімен және арыздарымен жұмысты ұйымдастыру, құжаттар айналымының бірыңғай жүйесін қалыптастыру және қамтамасыз ету;

11) Қазақстан Республикасы Президентінің кадр саясаты және мемлекеттік қызмет саласындағы бағытын жүргізуді қамтамасыз ету болып табылады.

11. Сенат Аппаратының өкілеттіктері:

1) құқықтары:

белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардан, ұйымдардан және лауазымды адамдардан қажетті құжаттар мен материалдарды сұрату;

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыру.

2) міндеттері:

өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасы Парламенті мен Сенат регламенттерінің сақталуын қамтамасыз ету;

Парламенттік тыңдаулар, Үкімет сағаттарын, конференциялар, дөңгелек үстелдер мен басқа да іс-шараларды ұйымдастыру және өткізуді қамтамасыз ету;

Сенаттың құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша ұсыныстар әзірлеу үшін консультативтік-кеңесші органдарды құруға және олардың қызметін ұйымдастыруға жәрдемдесу;

Сенаттың, оның жұмыс және үйлестіру органдарының, Қазақстан Республикасы Парламенті Палаталарының бірлескен комиссиялары шешімдерінің орындалуына бақылауды ұйымдастыруды қамтамасыз ету;

Сенат Бюросының, Палатаның тұрақты комитеттерінің шешімдерін, Сенат Төрағасының және Сенат Төрағасы орынбасарларының өкімдерін іске асыруға қатысу;

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де міндеттерді орындау.

12. Функциялар:

1) тиісті құжаттарды, сондай-ақ заңдар, заң жобалары бойынша ілеспе материалдарды қоса бере отырып, заңдарды, заң жобаларын Сенат отырысында қарауға дайындау;

2) Сенат пен Сенат Бюросы қаулыларының, заңдар, заң жобалары бойынша қорытындылардың, салыстырма және салыстыру кестелерінің жобаларын дайындау;

3) депутаттарды Қазақстан Республикасының Парламенті мен Парламент Сенаты қабылдаған құжаттармен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Парламентінің, басқа да мемлекеттік органдар мен қоғамдық бірлестіктердің ресми таратылатын ақпараттық және анықтамалық материалдарымен қамтамасыз ету;

4) өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Аппаратымен, Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратымен, Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен, мемлекеттік органдармен және өзге де ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыру.

3. Сенат Аппаратының құрылымы

13. Сенат Аппаратын Аппарат Басшысы басқарады, оны Сенат Төрағасы қызметке тағайындайды және қызметтен босатады және оның тікелей басшылығымен жұмыс істейді.

14. Сенат Аппаратының Басшысы Аппараттың қызметін дара басшылық негізінде ұйымдастырады және оған басшылық жасайды, Аппаратқа жүктелген

міндеттердің орындалуына және өз функцияларының жүзеге асырылуына дербес жауап береді.

15. Сенат Аппараты Басшысының өкілеттіктері:

1) Сенат Бюросына Сенат Аппараты туралы ереженің жобасын бекітуге, Сенат Аппаратының құрылымы мен штаты жөнінде, бекітілген штат саны шегінде оған өзгерістер енгізу жөнінде ұсыныстар енгізеді;

2) Сенат Төрағасының қарауына Сенат Аппараты Басшысының орынбасарларын қызметке тағайындау туралы ұсыныс енгізеді;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Сенат Аппаратының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

4) Сенат Аппаратының құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді;

5) өкімдер шығарады және нұсқаулықтарды, Сенат Аппараты бойынша ережені бекітеді;

6) Сенат Аппаратында ішкі еңбек тәртібін орнатады;

7) қызметтік құжаттамаларға қол қояды;

8) Сенат Аппараты мемлекеттік қызметшілерін көтермелейді және оларға тәртіптік жазалар қолданады;

9) Сенат Аппаратының мемлекеттік қызметшілерін іссапарларға жібереді;

10) мемлекет Басшысының кадр саясатын іске асыруды ұйымдастырады және қамтамасыз етеді, мемлекеттік қызмет туралы заңнаманың орындалуын бақылайды;

11) азаматтарды жеке қабылдауды жүзеге асырады;

12) Сенат Аппаратының Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Аппаратымен, Қазақстан Республикасы Үкіметінің аппаратымен, министрліктермен, өзге де орталық атқарушы және басқа да мемлекеттік органдармен, жергілікті өкілді және атқарушы органдармен, бұқаралық ақпарат құралдарымен тұрақты негізде байланысын қамтамасыз етеді;

13) Қазақстан Республикасының Парламенті мен оның палаталарының ашық және жабық отырыстарына қатысады;

14) ұйымдардың, ғылыми-зерттеу мекемелерінің өкілдерін, ғалымдар мен мамандарды шарттық негізде Сенат пен оның Аппаратының қарауына жататын мәселелер сараптамасына қатысуға тартады;

15) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және Сенат Регламентіне сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

16. Сенат Аппараты басшысының орынбасарлары болады, оларды Сенат Аппараты Басшысының ұсынуы бойынша Сенат Төрағасы қызметке тағайындайды және қызметтен босатады. Сенат Аппаратының Басшысы мен оның орынбасарлары арасында міндеттердің бөлінуі Сенат Төрағасының өкімімен бекітіледі. Сенат Аппараты Басшысы болмаған жағдайда оның міндеттерін Сенат Аппаратының Басшысы айқындайтын орынбасарлардың біреуі атқарады.

17. Сенат Аппаратының құрылымдық бөлімшелеріне олардың басшылары жетекшілік етеді:

1) оларды Сенат Аппаратының Басшысы қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

2) олар құрылымдық бөлімшелерге жүктелген міндеттердің орындалуына, Сенат Аппараты Басшысының актілері мен тапсырмаларының уақтылы және толық орындалуына жауапты болады;

3) олар қызметкерлердің арасында міндеттерді бөледі, еңбекті ұйымдастыруды және тиісті еңбек тәртібін қамтамасыз етеді.

4) Қазақстан Республикасы Парламентінің иелігіндегі кез келген ақпараттық мәліметтер банкін белгіленген тәртіппен пайдаланады;

5) Сенат Аппаратының Басшысы айқындайтын тәртіппен Парламенттің бірлескен отырыстарына, Сенаттың отырыстарына, сондай-ақ Палата Бюросының отырыстарына қатысуға құқылы;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тиісті қызметтік және кезекші автомобильдерді, телефон байланысын пайдалануға құқылы;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Ережеде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады

18. Сенат Аппаратының қызметкерлері Сенаттың қызметін қамтамасыз ету үшін өкілеттіктер берілген мемлекеттік қызметшілер болып табылады.

19. Сенат Аппаратының мемлекеттік қызметшілері өз қызметінде «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңын басшылыққа алады.

20. Сенат Аппараты қызметкерлерінің еңбек жағдайы Қазақстан Республикасының заңнамасымен айқындалады.

21. Сенат қызметін қаржылық, материалдық-техникалық, инженерлік, шаруашылық-тұрмыстық, көліктік және өзге де қамтамасыз етуді Сенат Аппаратының құрамына кірмейтін Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының «Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасы» мемлекеттік мекемесі жүзеге асырады.

22. Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының Инженерлік орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорны Сенат пен Сенат Аппаратының қызметін ақпараттық-техникалық қамтамасыз етуді, дауыс берудің электрондық жүйесін пайдалануды, дыбыс күшейтуді, Сенат отырыстарындағы, Сенат Бюросы мен Сенаттың тұрақты комитеттері отырыстарындағы сөздерді және ілеспе аударманы жазуды, стенографиялауды, жергілікті желілердің есептеу техникасы құралдарына техникалық қызмет көрсетуді және сүйемелдеуді, бағдарламалық қамтамасыз етуді, компьютерлік ақпараттық технологияларды әзірлеуді және енгізуді жүзеге асырады, Сенат іс-шараларының бейне- және фототүсірілімін, олардағы бейнематериалдарды жазу мен монтаждауды жүргізеді.
